# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 15 ақпан №3115-23-00-2/2755 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.С.Сәрсенбиева
сот отырысының хатшысы Қ.Жетібаева
ашық сот отырысында қойылған талап қоюы бойынша азаматтық ісін қарап

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Жамбыл облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«B-grass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП ҚОЮЫ:**
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Айыппұл өндіру

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
Прокурор Б.Берікбаев, талап қоюшы өкілдері О.Орынбеков, Р.Мергенбаев, жауапкер өкілі Р.Досов

**СИПАТТАУ** БӨЛІГІ:

«Жамбыл облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - талап қоюшы, Мекеме) және жауапкер «B-grass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – жауапкер, ЖШС) арасында 05 қазан 2022 жылы жалпы бағасы 498 400 800 теңгеге «Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы» №02-71 Шарты жасалған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың №1 қосымшасына сай, жауапкер «Жамбыл облысының облыстық маңызы бар «Төле би-Шоқпар» автомобиль жолының 0-15 шқ орта жөндеу» жұмыстарды жұмыс басталу актісіне қол қойған күннен бастап 5 ай мерзімде орындау міндетін алған.

Жұмыстарды бастау актісіне 2023 жылдың 15 мамырында қол қойылып, жұмыстарды аяқтау және нысанды пайдалануға беру 2023 жылдың 15 қазанына көзделген.

Құжатқа қол қойылған: Сәрсенбиева Б. С., 22.02.2024
3115-23-3-1/3159

Шартқа №1, №2, №3 және №4 қосымша келісімдер жасалған.

Шарттың 9.1 тармағына сай және қосымша келісімге сай, Шарт және қосымша келісімдер аумақтық қазынашылық органында тіркеуден өткен.

Шарт бойынша жауапкерге қаражат төленіп, төленбеген сома 31 315 462 теңгені құраған.

Талап қоюшы 2023 жылдың 18 қыркүйегінде және 10 қазанында жауапкерге жұмыстарды мерзімінде орындау және орындалмаған жағдайда айыппұл төлеу туралы хабарлама жолдаған.

Талап қоюшы, Шарт міндеттері толығымен орындалмай, жұмыстар аяқталмаған және нысан пайдалануға берілмеген негіздермен, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, 5 432 309,63 теңге айыппұл өндіруді және алдын-ала (аванстық) төлемді қайтаруды міндеттеу туралы талап қоюымен сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қоюмен келіспейтіні туралы қарсылық келтіріп, жұмыс 80 % аяқталғанын, алдын-ала (аванстық) төлем игеріліп, жобаға сай жұмыстар жасалғанын. Жұмыстарды орындау мерзімін кешіктіру асфальтобетон тапшылығы орын алып, материал беру қуаттылығы жұмыс өндіріс кестесіне сай келмеуіне байланысты орын алғанын. Сатып алушы зауытынан асфальтобетон материалы тәулігіне өндіріс қуаттылығы өте аз мөлшерде болуы, заводтың жиі істен шығуы, материал сапасының төмен болуына байланысты болғаны салдарынан өндірістік кестеден қалып, Шарт талаптарын толық орындауға мүмкіндік болмағанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Талап қоюшы сот отырысы барысында талап қоюын ұлғайтып, жауапкер «B-grass» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды; төленген алдын-ала төлемді (аванс) 88 585 309,57 теңге, 3% Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын 20 213 508 теңге, барлығы 108 798 817,57 теңге және 5 755 237,03 теңге айыппұл өндіруді сұрады.

Сот отырысында, талап қоюшы өкілдері О.Орынбеков, Р.Мергенбаев: талап қоюды толық қолдап, Шартта көзделген жұмыстар жауапкермен толық көлемде аяқталмағанын және нысан бүгінгі күнге тапсырылмағанын. Шарт бойынша көзделген 15 км автокөлік жолының 12,5 км орындалғанын, қалған 2,5 км бөлігі орындалмағанын және орындалған 400 м жұмыстары бойынша орын алған ақаулар жойылмағанын. Бүгінгі таңда Шартқа №5 қосымша жасалып жарамдылық мерзімі созылғанымен, орындау мерзімі созылмағанын және қазынашылық органында тіркеуден өтпегенін. Жауапкерге Шарт міндеттерін орындамағаны және айыппұл есептелгені туралы хабарлама хат жолданғанын. Алайда, алдын-ала төлем (аванс) сомасын және Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын төлеу туралы хабарлама жолданбағанын. Жауапкермен айыппұл төленгенімен, бүгінгі күнге жұмыстар аяқталмауына байланысты айыппұл өндіру туралы талап қоюын нақтылағанын көрсетіп. Талап қоюды толық қанағаттандыруды сұрады.

Құжатқа қол қойылған: Сарсенбиева Б. С., 22.02.2024

Жауапкер өкілі Р.Досов: талап қоюға келтірген қарсылық уәждерін қолдап, Шарт міндеттері ішінара орындалғанын және қаражат төленгенін. Бүгінгі таңда орындалмаған жұмыстар ауа-райының қолайсыздығы, қыс мезгілі болғандықтан мүмкін еместігін. Шарт бойынша өзіне алған міндеттерін орындаудан бас тартпайтынын, 10 млн көлемінде айыппұл төлегенін, алдын-ала (аванс) соманы және Шарттың орындалуын қамтамасыз ету соманы сақтандыру Шарттары 2024 жылға қайта жасалғанын ескеруді, жұмыстарды орындау үшін мерзім беруді және талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор Б.Берікбаев: талап қою жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, алдын-ала төлемді және шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өндіру талап қоюлары қанағаттандырусыз қалдырылуға, ал айыппұл өндіру талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп қортынды берді.

Сот ұйғарымымен талап қоюдың алдын-ала төлем сомасын (авансты) және Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өндіру туралы талап қоюлары бөлігінде қараусыз қалдырылды.

**УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі - АК) 272 бабына сай, міндеттеме-міндеттеме шарттарымен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабының 4 тармағының 3 тармақшасына сай (бұдан әрі - Заң) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Мердігерді жосықсыз қатысушы деп тану үшін оның міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін кінәсі болуы керек.

Анықталғаны, жауапкермен Шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімі 2023 жылдың 15 қазыны болып белгіленіп, қаражат төленгенімен жұмыстар толық көлемде орындалмаған, төленбеген қаражат 31 315 462 теңгені құраған.

Жауапкермен Шартта көзделген жұмыстар тиісінше толық көлемде және белгіленген мерзімде орындалмауы «битум» тапшылығына және ауа райының қолайсыздығына орын алды деген уәждері негізсіз және дәлелді себептер болып табылмайды.

Өйткені, шарт 2022 жылы жасалған, жұмыстарды орындауды 2023 жылдың 15 мамырында басталып, орындау мерзімі 2023 жылдың 15

Құжатқа қол қойылған: Сарсенбиева Б. С., 22.02.2024
3115-23-3-1/3159

қазанына белгіленгеніп, жеткілікті қаражат төленгеніне қарамастан Шарт міндеттері тиісінше орындау мерзіміне аяқталмаған және нысан пайдалануға бүгінгі күнге берілмеген. Яғни, жауапкермен Шарт міндеттерін және Заң талаптарын бұзу орын алған.

Тараптар арасында 27 желтоқсан 2023 жылы Шарта №5 қосымша келісімі жасалып, Шарттың жарамдылық мерзімі 2024 жылдың 01 наурызына дейін әрекет ету көзделгенімен, Шарттың орындау мерзімі созылмаған және қосымша келісім аумақтық қазынашылық органында тіркеуден өтпеген, яғни қосымша келісім заңды күшіне енбеген.

Сондықтан жауапкер өкілінің Шарттың орындау үшін мерзім беруді сұраған және жұмыстарды орындау шаралары жүргізілетінін ескеруді сұраған уәждері қабылдануға жатпайды.

Шарттың 4.1 тармағымен, орындаушы Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенген.

Сот отырысында Шартта көзделген жұмыстар белгіленген мерзімге және бүгінгі күнге тиісінше толық орындалмағаны іс құжаттарымен расталып, тараптар өкілдерінің түсініктерімен қуатталды.

Жауапкер Шарт міндеттерін орындағанын растайтын, сондай-ақ талап қою уәждерін жоққа шығаратын дәлелдер ұсынбады.

Жоғарыдағылардың негізінде, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған талап қою қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап қоюы бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышкер міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Шарттың 8.3 тармағына сай, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады).

Талап қоюшының айыпұл есебіне сай, жауапкердің өз еркімен төленген 9 748 737 теңге айыппұл есебін ескеріле отырып, бүгінгі таңға жұмыстар аяқталмауына байланысты орындалмаған міндеттеме 119 900 771,57 теңгенің 0,1% көлемінде (кешіктіру мерзімі 2023 жылдың 23 желтоқсаны мен 2024 жылғы 08 ақпан аралығына) 48 күнге 5 755 237,03 теңге айыппұл өндіруді сұрайды.

Сот отырысында анықталғаны, тараптар арасында Шарттың орындау мерзімі 2023 жылдың 15 қазанына белгіленген, Шарттың орындау мерзімі

Құжатқа қол қойылған: Сарсенбиева Б. С., 22.02.2024
3115-23-3-1/3159

ұзартылмаған, яғни Шарт міндеттерін кешіктіру орын алғаны іс құжаттарымен және тараптар өкілдерінің түсініктерімен расталды.

АК-нің 359 бабына сай, борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді.

Алайда, талап қойшымен айыппұл есебін дұрыс жасалмаған деп табады сот. Атап айтқанда, жауапкермен 9 748 737 теңге айыппұл төлегені және 2023 жылдың 31 желтоқсанында Шарттың жарамдылық мерзімі өткені ескерілмеген.

Сондықтан, айыппұл өндіру кезеңі, жауапкермен 9 748 737 теңге айыппұл төленгенін ескере келе, Шарттың орындалмаған сомасы 119 900 721 теңгенің – 0,1 % көлемінде кешіктіру мерзімі 2023 желтоқсанның 23-31 аралығы кезеңіне есептелуге жатады.

Сондай-ақ, АК-нің 297 бабына сай, егер төленуге тиісті тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) кредитордың шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышкердің талабы бойынша борышкердің міндеттемені орындау дәрежесін және борышкер мен кредитордың назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайтуға құқылы.

АК-нің 364 бабына сай, егер міндеттеменің орындалмауы немесе тиісті дәрежеде орындалмауы екі тараптың да кінәсінен болса, сот оған сәйкес борышқор жауапкершілігінің көлемін азайтады. Сот, егер несие беруші міндеттеменің орындалмауынан немесе тиісті дәрежеде орындалмауынан келтірілген залал көлемінің ұлғаюына қасақана немесе абайсызда себепкер болса немесе олардың азаюына ақылға қонымды шаралар қолданбаса, борышқор жауапкершілігінің мөлшерін де азайтады.

Сот борышкер мен кредитордың назар аударуға лайықты мүдделері ретінде, жауапкер тарапынан міндеттемені орындау үшін қолданған шараларын және өз еркімен 9 748 737 теңге айыппұл төленгенін және талап қоюшымен айыппұлды дұрыс есептемеу салдарынан оның ұлғаюына септігін тигізгенін ескеріп, өндіруді сұраған айыппұл есебінен 10 % мөлшерінде ішінара 83 931 теңге айыппұл өндірілуге жатады деп табады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 117 бабының 1 бөлігіне сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 4 243 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

## ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

## ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «B-grass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып

Құжатқа қол қойылған: Сарсенбиева Б. С., 22.02.2024

алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұл өндіру туралы талап қоюы ішінара канағаттандырылсын.

Жауапкер «B-grass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «B-grass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 83 931 (сексен үш мың тоғыз жүз отыз бір) теңге айыппұл және 4 243 (төрт мың екі жүз қырық үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья** **Б.С.Сәрсенбиева**

Шешім түпкілікті нысанда 22 ақпан 2024 жылы әзірленді.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Құжатқа қол қойылған: Сәрсенбиева Б. С., 22.02.2024

3115-23-3-1/3159